



Газет 1948
жылдың 20
сәуірінен шыға
бастады

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№ 7 (1332) 30-қараша, 2004 жыл

● Кездесу



Жарқын болашақ білімнен басталады

Түркия - қазақ елінің тәуелсіздігін ең алғаш болып таныған мемлекет. Сонау бір үміт пен күдік бір-біріне бетпе-бет келіп, уыстай ғана ұлттың тағдыры шешімтал әрекеттерді талап еткен тоқсан бірдің тарихи толқынында бұл қолдау біз үшін ауадай қажет болғаны анық. Міне, содан бері тегі бір, тамыры ортақ екі ел арасында мемлекеттік түрлі деңгейдегі қарым-қатынас нығайып келеді. Әсіресе, бұл бағыттағы жұмыстар білім-ғылым саласында ерекше қарқын алғаны мәлім.

Соның бір айғағындай, қараша айының 8-і күні Түркия Республикасының Білім министрі Хусейн Челик еліміздің Білім және ғылым министрлігінің шақыруымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болып, ректорат ғимаратының 15 қабаттағы үлкен мәжіліс залында профессор-оқытушылар құрамы және оқуда озат студенттермен кездесті.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Төлеген Әбдісағиұлы өзінің кіріспе сөзінде кездесудің мән-мағынасына тоқталып, Түркия мен Қазақстанның жоғары оқу орындарының қарым-қатынасы жылдан-жылға жақсарып келе жатқандығын атап өтті. Содан соң сөз кезегін Білім және ғылым министрі Жақсыбек Күлекеев алды. Ол біздің еліміздегі бірнеше қазақ-түрік лицейлерінің білім мен тәрбие беру ісінде басқа мектептерге үлгі болып отырғанын тілге тиек етіп, алдағы уақыттарда да осындай көрсеткіш биігінен көрінеріне сенім білдірді.

Кездесу барысында мәртебелі қонақ Хусейн Челик ұстаздар мен шәкірттер тарапынан өзіне қойылған сұрақтарға жауап беріп, екі мемлекет арасында білім беру саласында студенттер алмасу мәселесіне тоқталды. Ол: "Түркияда жүздеген қазақ студенттері оқиды. Жыл сайын оларға жоғары көлемді стипендия беріп отырмыз. Бұл жылы бізге келетін қазақстандық студенттер үшін 150 бюджеттік орын бекіттік. Білім беру ісінде осындай қарым-қатынастың орнауы соңғы уақытта екі ел арасындағы ынтымақтастықтың нығаюына зор үлес қосуда", - деді.

Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

● Международная конференция

Поездка в Испанию: НОВЫЕ АСПЕКТЫ СОТРУДНИЧЕСТВА

С 17 по 24 октября 2004 года в Испании по приглашению Технического университета Каталонии (Барселона) находилась делегация КазНУ им. аль-Фараби во главе с ректором Т.А. Кожамкуловым.

Делегация приняла участие в работе Международной конференции по высшему образованию "Социальная ответственность университетов", которая была организована Глобальной университетской сетью инноваций (ГУСИ) и в работе которой приняли участие четырнадцать лауреатов Нобелевской премии по физике, медицине, экономике и литературе.

Кроме этого, в работе конференции, которая проходила под эгидой ЮНЕСКО, приняли участие представители университетов более чем 50 стран мира. Открыла конференцию министр образования Каталонии Вера Сакристан. С докладом о состоянии высшего образования в мире после всемирной конференции по высшему образованию 1998 года выступил директор отдела высшего образования ЮНЕСКО Джордж Хаддад, ранее возглавлявший университет Сорбонна.

Доклад на тему "Социальная ответственность университетов в XXI веке" был сделан профессором Хосе Ферер Лопом, Президентом ГУСИ, ректором Технического университета Каталонии. Но наибольший интерес вызвали лекции нобелевского лауреата по медицине (1978 г.) профессора Вернера Арбера, нобелевского лауреата по экономике (2002 г.) профессора Вернона Смита и нобелевских лауреатов по литературе 1986 и 1998 гг. профессором Вул Соинка и Хосе Сарамаго.

В ходе конференции состоялись беседы ректора КазНУ им.

аль-Фараби Т.А. Кожамкулова с бывшим Генеральным секретарем ЮНЕСКО Федерико Майором, директором отдела высшего образования ЮНЕСКО Джорджем Хаддадом, в которых была предоставлена информация о ходе реформ системы высше-

го образования в Казахстане. Алкала де Энарес, где подробно ознакомилась с системой подготовки студентов. После обсуждения вопросов развития связей между двумя университетами был подписан новый договор.

По итогам визита можно сделать вывод, что система подготовки докторов философии (PhD) в Испании, как и во многих странах Европы, только создается. Планируется, что переход осуществится к 2008 году. За



го образования в Казахстане. Достигнута договоренность о визите Д. Хаддада в Казахстан в первой половине 2005 года. С секретарем наблюдательного совета Великой Хартии А. Барбланом обсуждены вопросы реформы образования в Казахстане в свете Болонского процесса. С ректором Новосибирского университета Н.С. Диканским проведены переговоры о дальнейшем сотрудничестве в области математики и физики.

В Мадриде делегация посетила один из старейших университетов Испании - университет

пример берется англосаксонская модель: системы США, Канады или Великобритании. В этой связи Казахстану для создания отечественной системы подготовки докторов философии следует обратиться к примеру англосаксонских стран, а также государств, построивших систему высшего образования по их модели, таких, как Республика Корея, Япония.

Амантай
НУРМАГАНБЕТОВ,
начальник отдела
международных связи КазНУ

САҢДА:
БҮГІНГІ

"Егемен Қазақстан"
газеті - 85 жаста



2-бет

РУХАНИ ТӘРБИЕГЕ

ЕРЕКШЕ
КӨҢІЛ
БӨЛЕЙІК



3-бет

ПРИОРИТЕТЫ ОТКРЫТОГО
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО
ПРОЦЕССА,
или КРЕДИТ - ЭТО
ДОВЕРИЕ

4-стр.

ҚазҰУ-дың суперстуденті



7-бет



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

2004 жылғы қыркүйек айының 28-і күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми Кеңесінің кезекті мәжілісі болып өтті. Онда университет ректоры Т.Ә.Қожамқұловтың 2003-2004 жана оқу жылындағы университет қызметі мен ұжымының алға қойған мақсат-міндеттері жөнінде баяндамасы тыңдалды.

Келесі ретте Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Ж.Д. Дәдебаевтың “Жазғы емтихан сессиясының қорытындысы туралы” қосымша ақпары аталып өтті. Сонымен қатар, 2004 жылғы қабылдау комиссиясы жұмысының қорытындысы туралы жауапты хатшы Б.М. Мұхамедиевтің хабарламасы тыңдалды.

РЕКТОРАТ

2004 жылдың қазан айының 12-сі күні өткен Ректорат мәжілісінде Бірінші проректор З.А. Мансұровтың университетте шет тілдерін оқытудың қазіргі жай-күйі мен болашағы жөнінде, оқу-әдістемелік басқармасының мониторинг және тестілеу бөлімінің бастығы Г.С. Мінәжәвановтың ішкі аудит қорытындысы туралы, 2004 жылғы жаз маусымындағы ҚазҰУ емдеу-сауықтыру лагерінің жұмысы жайлы оның директоры Н.Ж. Болсанбековтардың хабарлама-ақпарлары тыңдалды.

2004 жылдың қараша айының 11-і күні өткен Ректорат мәжілісінде Тамақтандыру комбинатының директоры Н.А. Долговязованың студенттердің тамақтануын ұйымдастыру туралы хабарламасы аталып өтті. Сонымен қатар, университеттің ақпараттық инфрақұрылымының жай-күйі және болашағы жөнінде оқу-есептеу орталығының директоры У.Ә. Төкеевтің, ақпараттық-аналитикалық бөлім жұмысының қызметі хақында бөлім бастығы А.А. Швыдконың мәлімдемесі тыңдалды.

● Тамыр

Отандық тарихты оқытудың өзекті мәселелері

21-22 қазан күндері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде “Отан тарихын оқыту: проблемалары мен инновациялары” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Оны ұйымдастырудағы мақсат – қазіргі кезеңдегі отандық тарихтың жағдайын, оны оқытудың деңгейін, методологиялық мәселелері мен жаңа ғылыми-зерттеулердің бағыт-бағдарын талқылау болып табылды.

Конференцияның өзектілігі жақында ғана өткен білім және ғылым қызметкерлерінің III съезіндегі Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың баяндамасымен, ондағы білім саласындағы шешімін күткен мәселелермен, алға қойылған міндеттермен орайласа түсті. Мемлекет басшысы өз сөзінде отандық тарихты оқытудың деңгейін, ондағы тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа тарихының алар орнын айшықтап, отандық тарихымыз өз елінің патриоты бола алатын жас ұрпақты тәрбиелеуге бағытталуы тиіс екендігін ерекше атап өткен болатын.

Келесі басқосу жұмыс бағдарламасында көрсетілген төрт секция бойынша өтті. Олар: “Археология және этнология”, “Қазақстан тарихы”, “Деректану және тарихнама”, “Отандық тарихты оқытудың әдісі мен методологиясы” атты секциялар. Осында әр салаға қатысты мамандар баяндама жасады.

Аталмыш шараға Қазақстан, Венгрия, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан және тағы басқа елдердің тарихшы ғалымдары қатысып, қызу пікірталас өрбітті.

Әуелбекова ҚАРЛЫҒАШ

● Көрме

Қазақстан мен Қытай ынтымақтастықты нығайтты

Қазан айының 29-31-і аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Студенттер сарайында елімізде тұңғыш рет “Қытайдағы білім беру - 2004” атты көрме болып өтті.

Көрмені ҚХР Білім министрлігі жанындағы студенттер пікір алмасу орталығы ұйымдастырып отыр. Бұл көрме Қытай мен Қазақстанның мәдениеті мен білімін жалғастыратын алтын көпірі іспеттес. Көрмені ҚазҰУ-дың ректоры Төлеген Әбдісағиұлы сөз сөйлеп ашты. Ол екі ел арасындағы берік татулыққа, ынтымақтастыққа баса назар аударып, көрменің мәні мен мағынасын кеңінен аша түсті.

Бұл көрме Орталық Азия елдерінде тұңғыш рет өткізіліп отыр. Көрменің мақсаты - Қытайдың алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен таныстыру, Қытайдың білім ордаларымен тығыз қарым-қатынас орнату. Сондай-ақ, осы елден

жоғары білім алғысы келетін жастарға нақты әрі шынайы ақпарат беру болып табылады. Көрмеде барлық сала (ғылыми-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың, медицина, агротехника, философия, экономика, лингвистика, өнер және спорт) бойынша мамандар даярлайтын Қытайдың алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары туралы ақпараттар ұсынылды. Аталған көрмеге ҚХР-дың алдыңғы қатарлы 16 университеті қатысты. Олардың қатарында Синьцзян университеті, Синьцзян қаржы институты, Синьцзян медицина университеті, Синьцзян ауылшаруашылық университеті, “Шихэзды” университеті, Сиань көлік университеті, солтүстік-батыс жоғары

“Егемен Қазақстан” газеті - 85 жаста

27 қазан күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде “Егемен Қазақстан” газетінің 85 жылдығына орай “Егемен Қазақстан” және бүгінгі заман” атты конференция болып өтті.

Бұл конференцияны салтанатты түрде университетіміздің Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Н.О. Омашев алғысөз сөйлеп ашты. Содан соң, “Егемен Қазақстан” газетінің президенті С. Абдрахманов 85 жылдық тарихы бар басылымның бүгінгі таңда қоғамда алатын орны мен бағыт-бағдарына кеңінен тоқталды. Сондай-ақ, ол газеттің жүріп өткен жолын саралай келе тәуелсіздік алғаннан кейінгі материалдардың мазмұндық өзгерістерін тілге тиек етті.

Конференция барысында газет бетінде көтерілген мәселелер, газеттің тілі, сондай-ақ қазіргі баспасөз бағыт-бағдары жөнінде университеттің білгілі профессор-ғалымдары Н.О. Омашев “Егемен Қазақстан” газеті - тәуелсіздік кезеңінде”, Б.Қ. Момынова “Лидерлер тілі және “Егемен Қазақстан”, А.И. Лұқпанов “Қазіргі басылымдардағы қауіпсіздік мәселелері” атты баяндамалар оқыды. Олар “Егемен

Қазақстан” газетінің мемлекет саясатын жүргізу мен оның орындалуына қоғамдық пікір қалыптастырып жақсарту жайында баса айтты. Мәселен, Намазалы Омашев өз баяндамасында: “Әрине, кез келген газеттің ұстанған бағыт-бағдары болады. Өзіндік ерекшеліктеріне қарай өз аудиториясын табады. Бір анығы, “Егемен Қазақстан” газеті тәуелсіздік алған жылдардан бастап-ақ мемлекет ұстанған саясатты қолдау аясында өз өрекеттерін топтастырып, арзан ақпаратқа, тапсырыстағы дүниелерге, мазмұны мәнсіз мақалаларға ешқашанда жол берген емес. Әйтпесе, бүгінгі таңда желөкпе басылымдар қаптап кетті. Алған ақпаратты бүге-шігесіне дейін анықтап, оқырманға нақты түсіндіру газеттің міндеті болып табылуы керек. Ал, “Егемен Қазақстан” газеті осы рет-



те баршаға үлгі бола алатыны анық. Мұны оның әр санындағы салиқалы сарапқа, дәлел мен дәйекке құрылған материалдарынан көреміз”, - деп газеттің негізгі ерекшеліктерін атап өтті.

Аталмыш жиынға университет басшылығы, оқытушы-профессорлармен қатар редакция ұжымы және белгілі қоғам қайраткерлері Н.Оразбек, Т.Медетбек, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков сынды зиялылар қатысып, сөз сөйледі. Олар “Егемен Қазақстан” газетінің ұстанған позициясы өміршеңдігімен құнды деген ойларды меңзеді.

Т. ТҮРЛЫБАЕВА

● Заң

Азаматтық құқықты жетілдіру шаралары

Азаматтық құқықты тиісті деңгейде қорғай білу қашанда өзекті мәселе. Қараша айының 20-22-сі күндері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Қазақстандағы Ресей жылына байланысты “Ғаламдану кезеңіндегі тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етудің экономикалық және құқықтық мәселелері заңдарының үйлесімділігі: ТМД мемлекеттерінің теориясы және тәжірибесі” атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Оны білім ордамыздың Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры А.И. Купчишин алғысөз сөйлеп ашып, конференция тақырыбының бүгінгі таңдағы маңыздылығына тоқталды.

Аталмыш шараның жүзеге асуына университетіміздің заң мен экономика және бизнес факультеттері ұйытқы болды. Оның жұмысына Президент өкімшілігі, ҚР Парламенті, ҚР Конституциялық Соты, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, халықаралық ұйымдар мен ТМД елдерінің сарапшылары қатысып, қордалы да түйінді мәселелерді ортаға салды.

Басқосу барысында еңбек және әлеуметтік-экономикалық заңдардың методологиялық ерекшеліктері және аталған заңдарды теориялық-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету, азаматтардың конституциялық құқық сақтау кепілі, қазіргі деңгейі мен даму перспективалары кеңінен әңгіме арқауы етілді.

Өз тілшімізден

● Сүйінші

ЖУРНАЛИСТЕР ЖАТАҚХАНАСЫ ЖАҢАРДЫ

Биылғы оқу жылы журналистика факультетінің студенттеріне қуанышты хабарын ала келді. Жаңалықтар жаршысы журналистика факультетінің 300 студенті тұратын N5 жатақханаға жазғы уақытта қазіргі заман талабына сәйкес күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын.



Осыған орай, оқу жылының басында жатақхананың салтанатты ашылу рәсімі ресми түрде аталып өтті. Ашылу рәсіміне Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қайрат Бөкенов, Бостандық ауданының әкімі Амангелді Каримоллин, университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы және тағы басқа қонақтар қатысты. Бұл игі шара салтанатты түрде ашылды. Аспанымыз ашық, шаңырағымыз берік болсын деген ізгі ниетпен жатақхана меңгерушісі дәстүрлі түрде шашу шашты. Содан кейін жиналған қонақтарға күмбірлеген үкілі домбырасымен журналистика факультетінің 2-курс студенті Рүстем Ақылбеков арнау айтты. Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қайрат Бөкенов жатақхана студенттерін арнайы құттықтап, өкімшілік атынан компьютер орталығын сыйға тартты.

Ашылу салтанатынан кейін қадірлі қонақтар жаңарған жатақхана ішіне кіріп, студент жастар ұйымдастырған мерекелік кешті тамашалады. Онда университетіміздің талантты жастары өн шырып, би биледі. Киелі қарашаңырағымыз ҚазҰУ-дың 70 жылдығына арнап жас ақындарымыз өз өлеңдерін оқып, кештің ажарын аша түсті. Содан соң, қонақтар бөлмелерді аралап, құрылыс жұмысына, жабдықталған жиһаздарына, студенттер шығармашылығы орталығына және кітапханасына жоғары баға берді. Әр бөлмедегі жана сөрелер, орындық-үстелдер, керуелеттер, студент жастардың сабақ оқуына, демалуына ыңғайлы етіп жасалған. Қалай десек те, жатақханада ізденуші студенттердің өз білімдерін шыңдауға толық мүмкіндік бар.

Нұрмұхаммед МАМЫРБЕКОВ

Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бүгін, яғни қараша айының 30-ы күні елордамыз Астана қаласында Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарының тәрбие жұмысы жөніндегі проректорларының басын құраған семинар-кеңес өтуде.

Аталмыш шара “Қазақстан-2030” стратегиясында көрсетілген осы салаға қатысты міндеттер мен елімізде білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға бағытталып отыр. Онда студент жастарға тәрбие беру жұмыстарын күшейту, жетілдіре түсу, болашақ кәсіби мамандардың азаматтық тұлғасын қалыптастыру сияқты мәселелер күн тәртібіне қойылмақшы. Біз төменде осы алқалы жиынға қатысушы университетіміздің Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры, ф.ғ.д., профессор Намазалы Омашевтың баяндамасының негізгі тұстарын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

XX ғасырдың басында қазақ халқының қамы үшін талай құрбандықтарға барған арыстарымыз: А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Шоқайларды тоғыстырған – рух бірлігі, ел мүддесі болатын. Олар бойындағы бар асылын шыбын жаны шырқырап жүріп елі үшін жұмсады. Рухи биік азамат қана осындай етсе керек. Керісінше, білгір маман бола тұра бойында елжандылық жоқ, ұлтын сүйетін қасиет дарымаған, жеке басының қамын көбірек күйтейтін адамдардың ондай қадамдарға баруы неғайбыл.

Дәл бүгінгі күні елімізге іс тетігін білетін азамат қана емес, әр нәрсені елдік мүдде тұрғысынан ойлайтын, адамгершілігі зор, өткен тарихымызға құрметпен қарайтын тұлғалар керек. Бүгінгі қазақ қоғамының тыныс-тіршілігі туралы он жылға жуық сыртта жүріп, елге оралған қаламгер Смағұл Елубай былай дейді: “Сырт көз сыншы. Ең көзге ұратын өзгеріс – Алматыда орта таптың пайда болуы. Халыққа қызмет көрсету салалары дамыған. Бұл жағынан біз әлемдік, еуропалық үлгіге жақынбыз. Біздің ақсап жатқан жағымыз – руханият. Біз тоғыз жыл тұрып келген Чехияда “чехтар мен чехтар чехша сөйлессін!” – деп біреу ұран тастаса, күлкі болар еді. Өз тілін ұмытқан ұлтты Еуропадан көре алмайсыз. Олар да баудан, оның игілігін көруден кем қалып жатқан жоқ. Шын өркениетті елдердің сипаты осындай. Қазақстан руханият пен экономикасын тең ұстаған мемлекет болса деп ойлаймыз”. (Түркістан. -2004. – 4 қараша).

Ақсап жатқан осындай рухани олқылықтың орнын толтыру мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұстанып отырған басты бағыты – рухани тәрбиені дамыту. Университетте өткізілетін мәдени-көпшілік шаралардың барлығы ең біріншіден, ұлттық тәрбие мен студенттердің жан дүниесіне азық болар құндылығы жағынан қарастырылады. Мерекелік, ресми шаралардың бүкіл өн-бойынан ақыл-ойымыздың, салт-дәстүрлеріміздің жарқын беттері мен озық үлгілерінің көрініс табуына бар күш-жігерімізді саламыз. Біз үшін басты мәселе – өткізілетін шараның сыртқы түрі ғана емес, ішкі мазмұны, тәрбиелік мәні әсер етуі. Осы тұрғыда дәстүрлі түрде кеңінен аталып өтетін Наурыз мейрамы мен “Менің Қазақстаным!” фестиваліне жыл өткен сайын студенттерді барынша тарту мәселесі қолға алынып келеді. Әрі бірүнді күштеуімен емес, өз еріктерімен қатыстыруды ойластырамыз.

Бір қызығы, қазақ жастары өзге тілде сөйлесе, ешкім таң қалмайды. Ал өзге тілді жастардың қазақ тілін үйренуге, сол тілде сөйлеуге деген талпыныстары – бір түрлі жаңалық сияқты көрінеді, тіпті ішіміз жылып қалатынын, несін жасырамыз. Дегенмен біртіндеп бұған да бой үйреніп келеді. Бұрын өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілде өнер көрсету жарысы қызықты өтетін еді. Ол енді “Мемлекеттік тіл – менің тілім” атты ғылыми студенттік конференциямен жалғасатын болды. Онда өзге ұлттың студенттері көбінесе халықаралық саясат, экономика, мәдениет, қазақтың тарихына, салт-дәстүрлеріне, тіліне қатысты баяндамалар жасайды. Бір байқағанмыз – олардың қазақ тілін білуге деген талпыныстары артып келеді, жасаған баяндамалары жылдан-жылға мазмұндырақ, тілдік жағынан өсу байқалады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Че-

РУХАНИ ТӘРБИЕГЕ ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛЕЙІК

Тәуелсіз еліміз іргесінің берік болуы – білімді мамандардың ғана емес, алдымен отаншыл, ұлтжанды, рухани дүниесі кемел азаматтардың қолында. Осы тұрғыда ұлы ұстаз әл-Фараби: “Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы”, – деген болатын. Ел боламыз десек, осыны естен шығармай аламыз.

Республикасының Президенті Вацлав Клаустың биылғы жылғы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессор-оқытушылар құрамы мен студенттермен кездесуінде шығыстану факультетінің 4-курс студенті Завьялова Марина таза қазақ тілінде студенттердің атынан сөйлеген кезде жиналған жұртпен бірге Елбасымыз да қуана қол соқты. Бұл да ана тілімізді насихаттаудың ұтымды жолы, оңтайлы әдісі деп ойлаймыз.

Осы тұрғыда тағы бір айта кететін жаңалық – Елбасымыздың осы сапарында Студенттер сарайына жиналған 1600-ден аса профессор-оқытушылар мен студенттер арнайы ұнтаспаның көмегімен қолдарын жүрек тұсына қойып тұрып Әнұранымызды табиғи дауыста орындауы өте әсерлі болды.

Рухсыз ел болмайды. Рухтан ажыраған халық тобырға айналатыны бесенеден белгілі. Шүкіршілік, біздің ұлттың рухы әр кезде биік болған. Соны жастарымыздың бойына сіңіру қазіргі кезде ең үлкен міндетке айналуы тиіс. Сондықтан да университетімізде Жастардың рухани орталығын ашып, іске кірісіп те кеттік. Оның негізгі мақсаты – студент жастардың рухани, мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру, қайырымдылық, бауырластық қарым-қатынастарды қалыптастыру, өзге ұлт өкілдерінің салт-дәстүріне, дініне түсінікпен қарайтын адами тәрбие беру.

Жастардың рухани орталығында елге белгілі тұлғалармен кездесулер, студенттерді толғандырған мәселелер туралы пікірталастар, түрлі тақырыптағы дөңгелек үстелдер өткізіледі. Бір айта кетерлік жайт – Жастардың рухани орталығы қазіргі кезде университеттік деңгейдегі ғана

тәрбиені бірнеше бағытта жүргіземіз: халықтық өнер түрлеріне арналған жарыстар, әртүрлі деңгейдегі байқаулар, сайыстар мен кештер, фестивалдар, т.б. Ә.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында алуан өнер түрлерімен айналысу үшін 11 көркемөнерпаздар үйірмесі бар Студенттер клубы жұмыс істейді.

Ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттау, жастарды шынайы сезімдерге тәрбиелеу мақсатында университет жері сайын жастарға арнап “Қозы мен Баян күнін” атап өтуді дәстүрге айналдырып келеді. Жыл сайын бұл мереке ерекше қызығлықты өтіп, студенттердің арасында үлкен қолдауға ие болып отыр. Осылайша студенттердің мәдени шараларға өз еріктерімен қатысуына қызығушылық туғызатын лайықты формаларды табуға тырысамыз. Оған мысал өзге ұлт өкілдері студенттерінің өнер жарыстыру сайысында аталған сарайда бос орын болмайды. Оған орыс тілді қазақ жастарының көп келетіндігі қуантады. Яғни, “Қалауын тапса, қар жанады” демекші, қандай істің болмасын көзін тапса, ұйымдастырудың өтімді, қызықты әдістерін пайдаланса, тиісті нәтижесін беретіндігі байқалады.

Бүгінгі студент – ертенгі білікті маман ғана емес, ел қамын ойлар азамат. Сондықтан да ол университет қабырғасында жүрген кезінде қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер, шығармашылық ұйымдар мектебінен өтіп, сенімді өмірлік бағдарлар, маманға қажетті – ұйымдастырушылық, өз бетімен жұмыстар жүргізу қасиеттерін бойына молынан сіңіреді. Осы орайда университетте студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдары: Студенттер сенаты, мексикаты, “Сұңқар” кәсіподағы, студенттердің дебат орталығы, студенттер кеңесі жұмыс істейді.

Университетімізде студенттердің мүдделері мен мүмкіншіліктеріне және бейімділіктеріне қарай бастарын біріктіретін әр түрлі клубтар бар. “Жастар үні”, “Темірқазық”, “Отандастар”, “Ақ қауырсын”, “Қағанат”, “Дарын”, “Инсайт”, “Агора”, “Кіші Фараби академиясы” сияқты жастар клубтарындағы жұмыстар, іс-әрекеттер студенттер санасының өсуіне, өзін-өзі жетілдіруге және басқаларды түсінуге, пікір алысу барысында психологиялық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Жетпіс жылдан бері елімізді сапалы білімді мамандармен қамтамасыз етіп келе жатқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарихи музейінің өткен күндерден шертер сыры көп.



Общественная жизнь

Женщины КазНУ объединились в свой Совет

На днях в университете состоялось организационное заседание Совета женщин КазНУ им. аль-Фараби. Из более чем 3,5 тысяч сотрудников нашего вуза – более 2 тысяч женщины, 8 тысяч студентов. Нет ни одного факультета и подразделения, где бы ни работали представительницы прекрасного пола.

Естественно, женщин объединяет не только профессиональное взаимодействие, но и гендерные интересы. Как раз этим и собирается заниматься вновь созданная общественная структура.

Нужно заметить, что еще в 90-х годах была создана подобная организация по инициативе профессора, доктора филологических наук М.М. Багизбаевой. Но после ее ухода из жизни деятельность совета была приостановлена. А как показывает реальность, в подобном объединении есть явная необходимость. Поэтому инициативная группа решила активизировать деятельность коллег.

На организационном заседании председателем совета была избрана проректор по учебно-методической работе, профессор, доктор педагогических наук Г.К. Ахметова, заместителями – доцент, кандидат филологических наук М.Т. Мукашева и профессор, доктор социологических наук М.С. Садырова. Представляя программу деятельности, Гульназ Кенжетеевна отметила, что роль женщины всегда была велика. Но сегодня на первый план выступает триада: женщина и общество, женщина и политика, женщина и будущее страны. Этим тематикой уделяется пристальное внимание президент Н.А. Назарбаев. В настоящее время принят ряд программ и документов, касающихся этой сферы. Активно действует Национальный комитет по делам семьи и женщин. Вместе с тем новые реалии ставят задачи, которые необходимо безотлагательно решать. В частности, еще не созданы полные условия для активного включения женщин во все значимые сферы жизни. Серьезной проблемой остается защита прав женщин, семьи и детей. Новая общественная ситуация требует возрождения ценности семьи и брака.

По-прежнему главной ячейкой нашего государства остается семья, и именно в ней должны создаваться благополучие и комфорт. Без этого невозможно достижение главной задачи – процветающего казахстанского общества. Особое значение в этой связи имеет создание всеобщей системы гендерного образования, которая должна способствовать повышению информированности женщин в области своих прав, возможностей в развитии и использовании личного потенциала в различных направлениях и активному включению женщин во все сферы жизни.

Мы считаем возобновление деятельности совета женщин КазНУ им. аль-Фараби огромным событием. Женщин в вузе большинство, и им по силам достичь многого. Программа нового объединения основана на приоритетах гендерного образования. Со временем планируется создать департамент, который на фундаментальной основе станет изучать и давать рекомендации по этим проблемам. Кроме того, актив совета попытается облегчить многие проблемы коллег: решение вопросов отдыха, оздоровления, социальной защиты. Наш интеллектуальный потенциал нуждается в постоянном развитии, создании соответствующих условий и поддержке. А результаты труда женщин всегда впечатляют. В КазНУ трудятся 970 женщин-кандидатов и докторов наук, имена которых известны как в нашей стране, так и за рубежом. Думается, все они активно примут участие в работе новой общественной структуры.

Соб. корр.



Современный мир действительно требует от высших учебных заведений обеспечить такое образование студентам, которое воспитывает в них хорошо информированных и глубоко мотивированных граждан, способных к критическому мышлению, поиску и решению проблем, способных брать на себя социальную ответственность и выполнить множество различных ролей в обществе. При этом гибкость образовательной системы должна сочетаться со стремлением к реализации высоких стандартов подготовки современного специалиста.

по выбору.

В цикле ООД следующие дисциплины составляют обязательный компонент для всех специальностей: история Казахстана, философия, казахский (русский) язык, иностранный язык, информатика и экология. В качестве дисциплин по выбору рекомендованы: социология, политология, культурология, ОБЖ, психология и др. При этом рекомендовали объединение учебных программ данных дисциплин в рамках одной дисциплины. Объем одной учебной дисциплины, входя-

щей в обязательный компонент,

составляет 3 кредита. Каждая дисциплина изучается в течение одного семестра и носит одно неповторяющееся название.

Объем дисциплин цикла БД составляет около 50% от общего объема образовательной программы, или 60 кредитов. Из них 50% на дисциплины обязательного компонента и 50% на дисциплины компонента по выбору.

Объем дисциплин цикла ПД составляет 25% от общего объема образовательной программы, или 33 кредита. Из них 55% отводится на дисциплины обязательного компонента и 45% на дисциплины компонента по выбору.

Объем трудоемкости учебной работы

составляет 12 кредитов.

Объем учебной работы по написанию и защите выпускной работы составляет 4 кредита.

Учебно-методическое управление в настоящее время разработало такие документы: Силлабус (программа обучения студента по каждой дисциплине), Положение о рабочих учебных программах, Положение о технологии организации и проведения промежуточной аттестации в форме тестирования. Ведется работа над Положениями о заочной и сокращенной формах обучения, порядке восстановления и перевода студентов и другими.

Силлабус - это программа обучения по дисциплине, предназначенная для студента. Методические рекомендации по его разработке имеются на всех кафедрах и в деканатах.

В Рабочей учебной программе дисциплины в разделе "Календарно-тематический план занятий" появились дополнительные разделы СРСП (поточная) и СРСП (групповая), в которых изучаются материалы курса в аудиториях под руководством преподавателя. Расписан график приема заданий СРС и СРСП.

Разработана политика выставления оценок по рубежным контролям I и II, а также промежуточной аттестации, сроки проведения рубежных контролей и шкала оценок знаний по многобалльной буквен-

ной системе.

Чтобы стимулировать студента работать активно в течение семестра, экзаменационная оценка по дисциплине определяется как сумма максимальных показателей успеваемости по рубежным контролям (60%) и промежуточной аттестации (экзамену) (40%) и составляет 100% (60+40).

Если студент набрал в течение семестра по итогам РК и текущему контролю менее половины максимальной оценки по дисциплине, то он к экзамену не допускается.

Вводится понятие проходного балла (Grade Point Averag - GPA) - средневзвешенная оценка уровня учебных достижений студента по выбранной программе (отношение суммы произведений кредитов на цифровой эквивалент баллов итоговой оценки по дисциплине к общему количеству за текущий период обучения). Каждое высшее учебное заведение устанавливает проходной балл GPA при переводе с курса на курс. Более того, вуз устанавливает свою величину GPA для выдачи студенту диплома с отличием.

Перед итоговой государственной аттестацией вводится обязательный тестовый контроль (по дисциплинам базового цикла специальности). Выпускники, успешно его сдавшие, допускаются к итоговой аттестации и защите выпускных работ.

Выпускники, не набравшие порогового уровня, не допускаются к итоговой аттестации и отчисляются из университета приказом ректора с выдачей академической справки установленного образца.

Итоговая аттестация в университете проводится в форме сдачи государственных экзаменов и защиты выпускной работы и магистерской диссертации.

В случае уважительной причины (состояние здоровья, беременность, рождение ребенка), подтвержденной документально, разрешением проректора по учебно-методической работе защита выпускной работы заменяется на сдачу двух государственных экзаменов согласно нормативным документам МОН РК.

Кредитная система обучения имеет специфику и отличие от линейной (традиционной) системы. Много отличий и в вопросах про-

межуточной аттестации (экзаменационная сессия), которые особо близки студентам и затрагивают их интересы:

○ студентам, которые не смогли сдать экзамен в установленные сроки по болезни или другим уважительным причинам, документально подтвержденным соответствующей организацией, декан факультета устанавливает индивидуальные сроки их сдачи;

○ передача студентом промежуточной аттестации (экзамена) в случае получения неудовлетворительной оценки в период экзаменационной сессии не допускается;

○ передача экзамена с положительной оценкой с целью ее повышения за весь период обучения либо с целью получения диплома с отличием, не разрешается;

○ если обучающийся по государственному гранту (кредиту) не набрал необходимое количество кредитов, предусмотренное рабочим учебным планом, он имеет право на повторное изучение соответствующих дисциплин на платной основе;

○ студентам, не набравшим 6 кредитов до установленного для данного семестра количества кредитов, дается право ликвидировать академическую задолженность в течение одного месяца с начала следующего семестра;

○ если студент не ликвидировал академическую задолженность, он остается на повторный курс обучения; в этом случае студент либо выполняет ранее принятый индивидуальный учебный план, либо формирует новый индивидуальный план в установленном порядке;

○ студент может быть отчислен: в случае нежелания продолжить обучение (отчисление по собственному желанию); за нарушения предусмотренных Уставом КазНУ им. аль-Фараби Правил внутреннего распорядка университета;

○ отчисление оформляется приказом ректора университета, и отчисленному выдается академическая справка установленного образца;

○ восстановление в университете для продолжения учебы проводится только на платной основе, в период зимних или летних каникул с ликвидацией разницы в учебных планах;

○ отчисленные с первого курса имеют право на восстановление только в том случае, если ими полностью освоены учебные дисциплины первого академического периода;

○ восстановление производится на тот курс, с которого студент был отчислен.

Кредитная система обучения - это открытость образовательного процесса. Новые социальные требования к системе открытого образования обусловлены самостоятельностью деятельности и личной ответственностью студентов, социальной адресностью и сбалансированностью социальных интересов.

ПРИОРИТЕТЫ ОТКРЫТОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА, или КРЕДИТ - ЭТО ДОВЕРИЕ



Н.А. АСАНОВ, начальник Учебно-методического управления КазНУ

термин "косар" для обозначения зачетной единицы (кредит). Но только в 2002 году кредитная технология была внедрена в магистратуру КазНУ. Профессорско-преподавательским составом и сотрудниками Учебно-методического управления были разработаны научные основы концепции развития научно-педагогического образования, методологических и научно-организационных основ модернизации образовательного процесса в магистратуре, научно-методических основ и требований к модели специалиста с высшим научно-педагогическим образованием. Также были определены основные задачи кредитной технологии в КазНУ:

мобильное и гибкое планирование учебного процесса, установление оптимального соотношения аудиторной и самостоятельной работ, выработка у студентов способности к самообразованию и саморазвитию потребности и навыков самостоятельного творческого овладения знаниями в своей практической деятельности, использование партнерских отношений с зарубежными вузами, договоренности о взаимном признании кредитов и дипломов, о совместном обучении студентов и магистрантов и др.

Профессорско-преподавательским составом университета разработаны нормативно-правовые и учебно-методические документы, регламентирующие образовательный процесс в магистратуре и бакалавриате на основе кредитной системы обучения: положение об организации образовательного процесса; положение об учете, контроле оценки знаний обучающихся в магистратуре; положение о курсовой работе и магистерской диссертации; ведомости рубежного контроля успеваемости и экзаменационные ведомости; академическая справка; разработан информационный пакет (памятка студента); создана база электронных учебников, которая постоянно пополняется; определен комплекс дисциплин по выбору для формирования индивидуального учебного плана; переработаны и дополнены программы компьютерной базы "Деканат" с учетом кредитной системы обучения. Все факультеты совместно с методическим отделом за летний период разработали новые рабочие планы специальностей. Причем по ним можно вести занятия как по кредитной системе обучения, так и по линейной (традиционной).

Рабочие учебные планы подразделены на три цикла: общеобразовательных дисциплин (ООД), базовых дисциплин (БД) и профилирующих дисциплин (ПД). Каждый цикл состоит из дисциплин обязательного компонента и компонента

Внедрение кредитной технологии в учебный процесс КазНУ и ее методическое обеспечение впервые предложено профессорами Т.А. Кожамкуловым и Ш.Ш. Сарсембиновым в середине 90-х годов прошлого столетия.

Стратегия образовательной политики Республики Казахстан определяется задачами реформирования образования. Она обусловлена адаптацией образовательной системы к социальным и экономическим трансформациям, ролью науки и культуры в развитии образования. Современная концепция развития высшего профессионального образования республики предусматривает формирование гибкой, адекватной времени технологии организации образовательного процесса. Глава государства Н.А. Назарбаев отметил, что главным критерием качества подготовки специалистов должна стать конкурентоспособность выпускников на рынке труда и их востребованность.

Основной образовательной политики КазНУ являются три основные тенденции, под влиянием которых развивается в последнее десятилетие высшее образование: фундаментализация, индивидуализация, гуманитаризация.

Коллективом университета за последнее время в целях осмысления мирового опыта, совершенствования системы обучения и внедрения кредитной системы изучены и переработаны материалы: Великая Хартия университетов, Лиссабонская конвенция о признании квалификаций, относящихся к высшему образованию в европейском регионе, совместная Декларация о нормализации архитектуры европейской системы высшего образования (Великобритания, Германия, Франция и Италия), Европейская система передачи кредитов (ECST), Руководство для пользователя и другие.


Внедрение кредитной технологии в учебный процесс КазНУ и ее методическое обеспечение впервые предложено профессорами Т.А. Кожамкуловым и Ш.Ш. Сарсембиновым в середине 90-х годов прошлого столетия. Ими же был предложен





● **Современные технологии обучения**

Отдел ТСО и современных технологий обучения организует использование в учебном процессе современных технических средств, обеспеченных необходимыми методическими, дидактическими и аудиовизуальными материалами, способствующими повышению эффективности процесса обучения, и осуществляет обслуживание общеуниверситетских мероприятий (заседания Ученого совета, ректората, конференции, симпозиумы, встречи, юбилеи и т.д.).



МЫ ПОМОГАЕМ УЧИТЬ И УЧИТЬСЯ

Казанским национальным университетом выпущено 1595 учебных материалов на видеомагнитных носителях, из них 870 видеофильмов и кинофильмов, на электронных носителях создано 87% учебных материалов, разработано и выпущено 48 CD-дисков электронных учебников по гуманитарным и естественным дисциплинам.

Сотрудниками отдела ТСО и СОТ просмотрены все видеоархивы университета и отсортированы по факультетам. В отделе в настоящее время находится 590 учебных материалов на видеомагнитных носителях, 300 - на электронных носителях, 44 электронных учебника. Общее количество электронных учебников в библиотеке - 181, видеофильмов - 219. Подготовлен видеофильм о программе Европейской системы перевода кредитов.

На видео снимаются мероприятия, проводимые на факультетах и в масштабах университета. Только за последний год было снято более 20 материалов: различные научные конференции и семинары, тестирование и промежуточная аттестация, городские и университетские молодежные фестивали и праздники с участием студентов и преподавателей нашего вуза. Также все заседания Ученого совета и ректората обрабатываются и тем самым пополняют видеоархив отдела.

Кроме того, отдел занимается созданием электронных учебников. Отделом подготовлено 302 учебных материала на электронных и магнитных носителях за отчетный период и сформирована база данных по факультетам. Создан единый шаблон по университету для создания электронных учебников. Сделаны и обработаны для внедрения в электронные учебники видеолекции по заявкам преподавателей: профессора, доктора исторических наук К. Атабаева, профессора, доктора биологических наук Р.И. Берсимбаева.

Записаны многочисленные лекции на видео-киноматериалах по биологии, истории, филологии, физике, экономике с участием ведущих профессоров КазНУ, а также лауреата Нобелевской премии 2001 года американского профессора экономики Джорджа Стиглица, регионального исполнительного директора проекта "Образовательная сеть" Бадо Лохмана и других зарубежных ученых.

Лучше всего представлен на видеоносителях физический факультет, затем - исторический и биологический факультеты, международные отношения, факультет журналистики и востоковедения.

Созданы видеослайды с информацией о магистратуре каждого факультета КазНУ в едином пакете электронной версии и показаны на Международной научно-практической конференции "Актуальные проблемы научно-педагогического образования (магистратура на современном этапе)." Также снят видеофильм об этой конференции.

Отделом проводится техническое обслуживание учебного процесса, мероприятий университета. В их числе проведение презентации и демонстрации рекламных роликов и слайдов о КазНУ, созданных отделом на выставке "Образование и карьера", прошедшей 21-23 апреля 2004 года в ЦДС "Атакент".

Университетом созданы видеофильмы о выдающихся деятелях политики, культуры и искусства Казахстана, показывающие мно-

гогранную жизнь и деятельность казахстанцев, о достижениях молодой независимой республики. В отчетный период отделом составлено 3 видеофильма.

В первый видеосборник входит 18 фильмов: "Избранные речи Президента Республики Казахстан", "Казахстан - сердце Европы", "Астана - новая столица РК", "Песня "Казахстан твой дом", "10 лет независимости Казахстана", "Любить эту землю", "Спорт", "Атамекен", "Песня о любви", "Древний город Тараз", "Казахстан. Путь к вершине", "Завтра наступает сегодня. История и современность", "Казахстан. Природа и культура", "История Астаны", "Древние обычаи казахов", "Казахстан и Турция: сходство столиц", "Природа Казахстана", "Казахстану 10 лет".

Во второй видеосборник входит 8 фильмов: "Казахстан: природа и культура", "Казахстан: история и современность", "Слово о Казахстане Парламенте", "Казахстан. Путь к вершине", "Лик души", "Да отступит война", "Мой самый добрый дом", "Цветы, моя Астана".

В третий видеосборник под названием "Жамбыл облысының шежіресі (1940-90 жж.)" входит 21 фильм: "Халық көмегі", "Майданға кеткендердің орнына", "На Родине", "Озаттар мәжілісі", "Қартабай Атшабаров", "Мал шаруашылығының мамандары", "Академик К.И.Скрябин", "Шотай Тойбағаров", "Жамбыл қаласының өнерпаздары", "Д.А.Қонаев", "Жазылбек Қуанышбаев", "Сандыбала апай", "Қордайдағы той", "Крылья Кенена", "Бөлтірік шешен", "Д.Қонаев және оның өмірі", "Өтеген батыр", "Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати", "Қадырғали Жалайыри", "Жүсіп Баласағұн", "Ақ сауытты Ақтамберді жырау".

Выпущено 15 видеофильмов с выступлениями Президента РК Н.А. Назарбаева. В подготовке видеолекций использовались материалы телерадиокомплекса Президента Республики Казахстан.

Большое внимание уделяется внедрению Мультимедиа, где различными типами средств являются числа, текст, графика, звук, анимация и реально движущееся видео.

Преобразование последовательностей видеок кадров в цифровую форму открывает новые перспективы. Записанные видеофильмы передаются на компьютер и вносятся в самые различные прикладные программы, включая презентации, для создания совершенных мультимедиа-продуктов.

Мультимедиа приближает нас к оптимальному интерактивному, коммуникативному и производительному окружению. Расширяет возможности обучения, динамические инструментальные средства для связи и гибкие быстрые подходы к ведению учебного курса.

Современные обучающие технологии, технологии программирования, высокая квалификация штата университета, а также современный уровень производительности современных компьютерных комплексов, используемых в решении университетских задач, позволяют реализовать программы и цели высшего образования.

А. МОЛДАБЕКОВ,
начальник отдела ТСО и СОТ

● **Обзор прессы**

Информация о КазНУ в средствах массовой информации

В октябре-ноябре в университете состоялось 22 событийных повода, по которым в средствах массовой информации было опубликовано и озвучено около 100 информационных материалов и сюжетов о КазНУ.

"Цыплят по осени считают". Кажется, по этой поговорке решили действовать наши математики. В октябре на факультете механики и математики прошли два очень значимых и масштабных мероприятия: Международная конференция "Вычислительные и информационные технологии в науке, технике и образовании" и 10-я Межвузовская конференция по математике и механике - РТРК Казахстан (Вечерние новости, каз., рус.), Казинформ, Казахское радио, 31 канал, НТК (07.10.04), "Алматы ақшаы" (09.11.04), а также состоялся четвертьфинал Чемпионата мира по программированию - РТРК Казахстан (Вечерние новости, каз., рус.), Казинформ, Казахское радио, 31 канал, НТК, Рахат (08.11.04), газет "Экспресс К" (10.11.04) и "Казахстан - Заман" (12.11.04). В этот же день на факультете журналистики прошла встреча студентов с представительной делегацией российских журналистов - "Егемен Қазақстан" и "Казахстанская правда" (09.10.04), "Вечерний Алматы" (11.11.04).

Серьезный интерес проявили средства массовой информации к Международной конференции "Преподавание отечественной истории: проблемы и новации". Актуальность этой темы была обозначена главой страны на недавнем прошедшем форуме учителей и ученых. Работу конференции освещали Казинформ, Хабар, Казахстан, Южная столица, НТК, Казахское радио (Алтын діңгек) (21.10.04).

85-летию газеты "Егемен Қазақстан" была посвящена конференция "Газета "Егемен Қазақстан" и современность" - Казинформ, Казахское радио, Хабар, КТК, 31 канал (27.10.04), "Егемен Қазақстан" (29.10.04).

Кафедра социологии собрала в Алматы социальных работников Казахстана на их первый Конгресс "Казахское общество и социальная работа в 21 веке: вызовы и альтернативы". Информацию об этом дали Казинформ, РТРК Казахстан, Казахское радио, 31 канал, КТК, НТК, Южная столица (07-08.10.04), Казахстанская правда (12.10.04), "Алматы ақшаы" (9.11.04), "Айқын" (09.10.04).

Факультет философии и политологии в октябре-ноябре провел также Международную конференцию "Казахстанская цивилизация в контексте глобализации и поиски путей культурной идентификации" - Казинформ, Казахское радио (28.10.04) и большой праздничной программой отметил Всемирный День философии - Казинформ, Казахское радио, Казахстан, 31 канал, НТК, радио "Азаттық" (18.11.04).

12-13 ноября ученые-экономисты собрались в КазНУ за "круглым столом" Международной научно-практической конференции "Теоретические и практические аспекты индустриально-инновационного развития Республики Казахстан", посвященной 100-летию Ф.А. Жеребятеева, известного ученого, первого декана экономического факультета КазНУ - Казинформ, Казахское радио, РТРК Казахстан, 31 канал (11-12.11.04).

Известные российские и казахстанские ученые-юристы приняли участие в Международной научно-практической конференции "Экономические и правовые проблемы гармонизации законодательства в области защиты прав и обеспечения интересов личности в условиях глобализации: теория и практика СНГ", которая проводилась кафедрой трудового права и гражданского процесса КазНУ в рамках завершающегося Года России в Казахстане - Казинформ, Казахское радио, РТРК Казахстан, КТК, 31 канал (20.11.04).

Визиту министра Турции Х. Челику были посвящены материалы новостных служб Казахского радио, агентства Казинформ, телекомпаний КТК, НТК, Рахат (08.11.04), газет "Экспресс К" (10.11.04) и "Казахстан - Заман" (12.11.04). В этот же день на факультете журналистики прошла встреча студентов с представительной делегацией российских журналистов - "Егемен Қазақстан" и "Казахстанская правда" (09.10.04), "Вечерний Алматы" (11.11.04).

Об итогах визита казахстанской делегации во главе с ректором Т.А. Кожамкуловым в г. Барселону (Испания) и ее участии в международной конференции "Социальная ответственность университетов в XXI веке", на которую собрались 14 лауреатов Нобелевской премии, сообщили Казинформ, Казахское радио, "Алматы ақшаы" ("КазНУ ректоры - Испанияда") (25.11.04), "Наука и высшая школа Казахстана" (15.11-01.12.04).

Гостями рубрики "Таңғы қоңақ" в ежедневной утренней информационной программе "Бүгін" были декан ФЭИБ Р.Е. Елемесов (12.11.04), зав. кафедрой социологии М.С. Садырова (06.11.04), зав. кафедрой философии и методологии социального познания Ж.А. Алтаев (18.11.04), зам. проректора по языкам и воспитательной работе Г.А. Сарсенбекова (23.11.04), старший преподаватель кафедры трудового права и гражданского процесса Д.О. Рыскалиев (20.11.04).

В вечерних новостях 31 канала "Информбюро" (23.11.04) в сюжете, поднимающем пробле-

му передачи академических НИИ в университеты, в качестве практического примера были приведены НИИ КазНУ, в частности НИИ проблем горения КазНУ.

О деятельности Казахстанско-Индийского центра информационных технологий КазНУ рассказала в своем интервью Казахскому радио директор КИЦИТ Г.Т. Балакаева (29.10-02.11.04, каз., рус.). В эфире Казахского радио также состоялись интервью с председателем профсоюза "Парасат" М.Т. Мукашевой ("Жибек жолы", 13.10.04) и начальником отдела тестирования УМУ М.Т. Минажевой ("Вопросы и проблемы высшего образования", 05.10.04).

Профсоюз "Парасат" совместно со студенческим профкомом "Сункар" организовал в комбинате питания университета благотворительный ужин для студентов, соблюдающих пост. Об этой акции сообщили Казинформ, Казахское радио, 31 канал (12.11.04), "Экспресс К", "Алматы ақшаы" (13.11.04).

На страницах периодической печати были опубликованы авторские материалы ученых нашего университета профессора К. Абдезулы "Тұрақтылық - даму кепелі" - "Қазақ әдебиеті" (29.11.04), профессора Б.К. Майтанова "Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік ағымдар" - "Қазақ әдебиеті" (29.11.04).

Газета "Алматы ақшаы" продолжает публикацию цикла бесед редактора Ергали Сағат с доктором филологических наук, профессором Ж.Д. Дадебаевым. Новая встреча на страницах этой газеты была посвящена академику, писателю Зейнолле Кабдолову (06.12.04).

В последнее время особенно активизировалось студенчество КазНУ. Студенческий профком "Сункар" провел благотворительную акцию в детдоме - Казинформ, Казахское радио, НТК (10.11.04). В молодежном центре Дворца студентов по инициативе студенческого сената, профсоюза "Сункар" и студенческого совета университета прошли конкурсы-смотри на звание "Лучшее общежитие" - Казинформ, Казахское радио, НТК (16.11.04) и конкурс "Суперстудент КазНУ" - Казинформ, Казахское радио, Казахстан, Южная столица ("Менің қалам") (18.11.04), газ. "Время молодых" (следующий номер).

Пресс-служба КазНУ



